

ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН АҚСАҚАЛ

Осындай тақырыпта кейінгі жылдары музейдегі зерттелінбеген құнды жәдігерлер туралы газет беттерінде мақалалар жазылып жүр, біздің басты міндетіміз қордағы жәдігерлерді бұхара халыққа таныстыру әрі жастарды Отан сүйіштікке тәрбиелеу. Осы мақаланың арқауы болатын Жаңаарқа жерінің тумасы, саналы өмірінің бәрін отбасының және маңайындағы отандастарының бақытты өмірін сарып еткен азамат. Фонарь мен ысырғышын қолға ұстап, Теміржол бойында жаяу жүріпақауын тексеруші болып 1936 жылдан 1969 жылға дейін, яғни, бір салада 33 жыл еңбек еткен Қасқырбай Түсіпбеков ақсақал жайында сыр шертпекпіз.

Бұл ақсақал 1907 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылып, жастайынан еңбекке араласуға мәжбүр болады.

1936 жылы Жарық-Жезқазған теміржолында жол ақауын тексеруші болып еңбек жолын бастап, осы жолдың мыс алыбын алуға үлкен үлес қосты. Осы жолмен 1937 жылдан бастап қаншама жүк тасымалданды десеңізші. Жезқазған қаласы салынып, өндіріс дамыды. Бері қарай Қарағанды көмірі талассыз жеткізілсе, әрі қарай Жезқазғанның бағалы қазба байлықтары тасымалданды. Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қор-

ғаныс ісіне аса қажетті марганец, кені, Жездіде өндіріліп теміржол арқылы Оралға, Магнитогорск металлургия заводына жеткізіліп тұрғанын осы өңірдің жұртшылығы біледі. Осы жылдары Отанға аянбай еңбек еткен ақсақалға 1946 жылы «Ерен еңбегі үшін» деген медальмен марапатталды. 1943 жылы «Озық теміржолшы» атағы беріледі. 1951 жылы «Озат еңбегі үшін» деген медалімен марапатталып және Қарағанды облысынан теміржол бойының басшыларынан құттықтау телеграммасы келді.

Осы ақсақал жайлы әңгімені бір мақаланың аясына сыйғызып жазу аздық етеді. Отанына аянбай еңбек ете жүріп, қырық жыл отасқан жарымен төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, он үш немере, он төрт шөбере сүйген жандар. Еңбегі еленіп үкіметтің жоғарғы наградасымен марапатталды. Осы құнды жәдігерлері мұражай қорының төрінде сақталынып, «Өлкеміздің соғыс жылдарындағы тылдағы еңбек» тақырыбын айқындап тұр.

Осындай елі мен жерінің бостандығы үшін күрескендердің қай-қайсысы да мұндай құрметке лайықты.

**Толқын АППАЗОВА,
тарихи-археологиялық
мұражайдың ғылыми
қызметкері.**